

**Р. Хазретәліқызы** 

докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Шымкент қ.  
e-mail: raygul.khazretali@mail.ru

## «АРХЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ» «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ

**Аңдатпа.** Мақалада бүгінгі қоғамдық сана мен ғылыми мәдениеттің қалыптасуында өткенді бағамдау арқылы тарихи оқиғаларға шынайы баға бере отырып, болашаққа бағдар жасау үшін архив материалдары мен ретроспективті құжаттарға деген қызығушылығы артуының өзектілігі айқындалған. Осы сұранысқа сай қабылданған мемлекет бағдарламалар мен жобалар Қазақстанда архив ісінің құрылымы мен қызметіне үлкен өзгерістер алып келді және жаңа міндеттер белгіледі. Соның ең бастысы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Археология және деректану ұлттық орталығы» ғылыми мекемесінің ғылыми, ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмыстарының тәжірибесіне талдау жасалады. Осы орталықтың тікелей ұйымдастыруымен шетелдік архив қорларындағы Қазақстанға қатысты тарихи құжаттарды іздеп тауып, есепке алу, сақтау және жариялаудың жұмыстары бір ізге түсірілді. «Шетелдік архивтік Қазақстан» ұғымы негізделіп, отандық археологияның қалыптасуы мен дамуына елеулі ықпал жасаған орталықтың функциясын кеңейтуге қатысты ұсыныстар жасалады.

**Түйін сөздер:** Ұлттық архив қоры, «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Археология және деректану ұлттық орталығы», отандық археология тәжірибелері, шетелдік архивтік Қазақстан.

R. Khazretalikyzy

Doctoral student, Khoja Ahmet Yassawi International  
Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Shymkent,  
e-mail: raygul.khazretali@mail.ru

### The experience of the “National Center for Archeography and Source Studies” by «Cultural Heritage» Program

**Abstract.** The article emphasizes the relevance of increasing interest in archival materials and retrospective documents in order to make a true assessment of historical events, assessing the current state of the soul and scientific culture. The adopted state programs and projects have made significant changes to the structure and functioning of archiving in Kazakhstan and set new goals. The most important is the analysis of the scientific, organizational and methodological work of the scientific institution of the “National Center for Archeography and Source Studies” in the framework of the state program “Cultural Heritage”. The direct work of the Center was to search, register, save and publish historical documents relating to the history of Kazakhstan in foreign archival funds. The concept of “Foreign Archival Kazakhstan” was founded, a recommendation was given to expand the functions of the center, which has a significant impact on the formation and development of national archeography.

**Key words:** «National Archival Fund, Cultural Heritage Program», «National Center for Archeography and Source Studies», experience of domestic archeography, Foreign Archival Kazakhstan.

Р. Хазретәліқызы

докторант, Международный казахско-турецкий университет  
имени Ходжи Ахмеда Яссави, Казахстан. г. Шымкент,  
e-mail: raygul.khazretali@mail.ru

### Опыт «Национального центра археологии и источниковедения» по проведению программы «Культурное наследие»

**Аннотация.** В статье подчеркивается актуальность повышенного интереса к архивным материалам и ретроспективным документам для объективной оценки исторических событий в формировании научной культуры и общественного сознания. Принятые государственные

программы и проекты внесли существенные изменения в структуру и функционирование архивного дела в Казахстане, тем самым поставили новые задачи и цели. Важнейшей программой является Государственная программа «Культурное наследие», в рамках которой создано научное учреждение «Национальный центр археографии и источниковедения». Непосредственная работа Национального Центра заключается в поиске, регистрации, сохранении и публикации исторических документов, касающихся истории Казахстана в зарубежных архивных фондах. Основано понятие «Зарубежная архивная Казахстаника», дана рекомендация расширения функций центра, что оказывает существенное влияние на становление и развитие отечественной археографии.

**Ключевые слова:** Национальный архивный фонд, Программа «Культурное наследие», «Национальный центр археографии и источниковедения», опыт отечественной археографии, зарубежная архивная Казахстаника.

## Кіріспе

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылдың 21 қарашасындағы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтандақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Бірақ, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр» (<http://www.akorda.kz>) деп, «Архив-2025» бағдарламасына негіз салып бергені белгілі. Бұл бағдарламаның қызметі жаңадан басталғандықтан оның тәжірибесіне талдау жасап, баға беру алдағы уақыттың еншісінде. Ал әзірге «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында әлемнің ең ірі архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттелгендігін атай келе, негізгі қызметі бағдарламаны іске асырумен тікелей байланысты «Археография және деректану ұлттық орталығының» ғылыми, ұйымдастыру және әдістемелік тәжірибесіне талдау жасау мәселеге айқындық береді.

## Негізгі бөлім

«Археография» – адамзат қолынан пайда болған құжаттық жарияланымдарды дайындаудың әдіс-тәсілдері (теориялық археография) мен оларды іске асыру (қолданбалы археография) қағидаларын зерттейтін ғылыми пән (Козлов, 2008:26) болғандықтан оның өзіне тән қағидалары мен әдіс-тәсілдер кешені қалыптасқан. Археография филология, деректану, палеография, мәтінтану, архивтану, дипломатика және өзге де гуманитарлық ғылымдармен тығыз байланысты барынша интегралданған ғылым саласы. Солардың арасында тарих ғылымының дамуына қолданбалы

археография жоғарыда аталған ғылым түрлеріне қарағанда көбірек ықпал жасайды. Археография ғылымында үш негізгі функциясына орай одан туындаған үш түрлі бағыттар қалыптасқан. Олар құжаттық ескерткіштерді табу және жинаудан тұратын *далалық археография*; оларды зерттеу және ғылыми өңдеу *камералды* (сипаттамалы) *археография* және көпшілікке кеңінен тараған археография ғылымының функциясы құжаттарды жариялау немесе *эдициялық археография*.

Таза теорияның іс-әрекетке ешқандай қатысы жоқ. Егер іс-әрекетке теорияның қатысы бар болса, онда ол жоспар немесе процесс түрінде болар еді (Frank G. Burke: 1981). Археография ғылымы теориялық және қолданбалы болып бөлінеді. Қазақстандық археограф мамандар теориясын меңгермей тұрып, көбіне қолданбалы археография негізінде архивтік құжаттарды жарыққа шығарады. Бұл өз кезегінде Қазақстан археографиялық жұмыстар нәтижесінің ғылыми тиімділігін төмендетеді, материалдың маңыздылығын кемітеді деп білеміз.

Археографияның жетістіктері тарих ғылымының деректік базасын молайту мақсатында тарихшы ғалымдарға «шикізат» берумен қатар, сапалы да ғылыми сипатталған құжаттық деректер оқырмандардың ішкі сезімдеріне әсер ете отырып, өз кезеңінің жарқын көрінісін көрсету арқылы ұрпақтар арасында рухани байланысты жаңғыртады. Сондықтан да бүгінгі бүкілхалықтық рухани жаңғыру аясында археографиялық зерттеулердің өзектілігі артып отыр. Ал археографиялық жинақтар тек өз еліміздің архив материалдарынан ғана емес, сонымен қатар алыс-жақын шетелдік архивтерден алынған құнды материалдармен жабдықталса, онда ол жинақтың ғылыми құндылығын арттырады. Осындай құнды жинақтарды шығару ісімен отандық «Археография және деректану ұлттық орталығы» ұзақ уақыттар бойына айналысып келеді.

Құжаттық талдау көрсеткендей, XX ғасырдың 30-80 жылдары аралығында Қазақстанның қолданбалы археографиясында 100-ден астам құжаттар жинағы дайындалған екен. Тәуелсіздік алған алғашқы кезеңнен бастап археографиялық жұмыстардың басым бөлігі Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде, Қазақстан Республикасы Президенті архивінде, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында орындалды. Бұл мекемелер аз уақыттың ішінде Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихының ең өзекті және зерттелмеген аспектілеріне арналған бірқатар арнаулы тарихи-құжаттық жинақтар дайындап, жариялады. Атап айтқанда, «Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова» (1996), «Из истории немцев Казахстана. 1921-1975 гг.» (1997), «Грозный 1916 год» (1998), «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане. 1931-1933 гг.» (1998), «Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг.» (1998), «Из истории поляков в Казахстане. 1936-1956 гг.» (2000), «История Букеевского ханства. 1801-1852 гг.» (2002), «Страницы трагических судеб. Сборник воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-х гг.» (2002), «Исатай-Махамбет. 1801-1848 гг.» (2003) және т. б.

Жоғарыда атап өткен археографиялық тәжірибе «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасымен ұштасып, ерекше қолданбалық мәнге ие болды. Бағдарлама аясында қыруар шаруа атқарылды. Алыс және жақын шетелдердің мұрағаттарында, кітапханаларында бұрынсоңды құпия болып келген құжаттар, кітаптар мен қолжазбалар іздеп табылып, ғылыми айналымға ұсынылды. Олардың айтарлықтай бөлігі жарыққа шықты (Сатов, 2016:60б.). Аз ғана уақыттың ішінде қазақ мемлекеттілігінің бастау кезеңдері, басқа мемлекеттермен қатынастардың беймәлім тұстарын айқындайтын бірегей жәдігерлер табылды. Отандық ғалымдар Ресей, Өзбекстан, Армения ғана емес, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Қытай мен Египет секілді елдерге іс-сапарлары барысында Қазақстан тарихына қатысты құнды құжаттардың есебін алды. Дегенмен, қандай жұмыс та кемшіліксіз болмайды. Әсіресе, шет елдердегі халқымыздың тарихы мен мәдениеті көрініс берген материалдарды іздестіру мен олардың көшірмелерін алдыруға байланысты функциялары айқындалған бір үйлестіруші орталықтың, әдістемелік-нұсқаулық құралдың қажеттігі айқындалып тұрғандығын «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының «Мұрағат

және кітапхана» секциясының консультанты, т. ғ. д., профессор Көшім Есмағамбетов атап көрсетті. Шет тілдерін жетік меңгерген К. Есмағамбетовтің кеңесшілігімен АҚШ, Ұлыбритания және Францияның архивтері мен кітапханаларында қазақ халқына қатысты деректер мен материалдардың есебін алуға қатысты құнды мәліметтер жинақталды (Есмағамбетов, 2009). Әрине, архивистер ертеректен-ақ архив қорларына құжаттарды іріктеп сақтау қажеттігін және шектеулі архив ресурстарын маңызы жоқ құжаттармен толтырудың тиімсіздігін түсінгенді (Kenneth E. Foote, 1990).

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында архивтанушылар мен ғалымдар арасында тығыз байланыс орнатыла отырып, алыс жақын шетелдерден жинақталған құжаттардың мықты археографиялық базасы құрылды. Жасалған жұмыс барысында тарихи деректерді анықтау, жинау және өңдеуде қажетті тәжірибе жинақталды, оларды одан әрі эвристикалық іздестірудің басым бағыттары нақты белгіленді және жазба ескерткіштерді негізгі басылымдарда жариялауды жалғастыру үшін тарихи деректерді іріктеу өлшемдері анықталды (Әбдірасілова, 2012:56.). «Мәдени мұра» бағдарламасының бастапқы жылдарында археографиялық экспедиция жүргізуде қандай да бір нақты бағдар, арнайы жоспар болмады. Бұны бағдарламаны іске асырудың алғашқы кезеңіндегі жоспарларынан да байқауға болады. Дегенмен, бағдарламаның екінші кезеңіне қарай археографиялық эвристика мәселесі біршама жолға қойылды. Осы кезеңде қазақстандық археографияның қол жеткізген жетістіктерінің кемшіндігі, отандық археографиялық қордың өзге дамыған елдермен салыстырғанда біршама кенжелеп қалғандығы айқын білінді.

«Мәдени мұра» бағдарламасын деректану, архивтану және археография ғылымдарымен тікелей байланысты жүзеге асыру үшін ғылыми орталық құрудың қажеттігі туындады. Бұл қажеттілікті дер кезінде байқаған т. ғ. д., профессор Қамбар Атабаевтың «Археография және деректану ұлттық орталығын» ашудағы еңбегін ерекше атап өткен жөн. Қазақстан тарихы деректану ғылымынсыз алға баспақ емес деп өткір пікір айтқан Қ. Атабаев «Мәдени мұра» бағдарламасының қолға алынған алғашқы кезеңінде-ақ бұл бағдарламаға ерекше көңіл бөлді. Қ. Атабаевтың 2004 жылдың 22 қаңтарында «Мәдени мұра» бағдарламасына жетекшілік жасаған И.Н. Тасмағамбетовке «Ұлттық деректану ғылымынсыз ұлттық

мәдени мұраларымызды толық игеру мүмкін емес. Мәдени мұраларымызды, яғни ұлттық деректерімізді жүйелі түрде зерттеп, ұлт игілігіне пайдалану тек деректану ғылымы арқылы ғана жүреді, сондықтан Республикалық ұлттық деректану орталығын ашу керек» (Атабаев, 2011:5) – деп хат жазып, мекеменің ашылуына тікелей бастамашы болды.

Осылайша, 2005 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №183 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Археология және деректану ұлттық орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылды. Бұл орталықтың негізгі қызметі: шет елдерде сақтауда тұрған және Қазақстан тарихына қатысы бар құжаттар мен қолжазбаларды анықтау, жинау жөніндегі жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз ету және үйлестіру, оларды археологиялық сипаттау және Қазақстан туралы шетелдік архив көздерінің бірыңғай дерекқорын құру болып белгіленді (<http://adilet.zan.kz>).

Орталық 2002 жылдан бері шетел архивтерінде, кітапханалары мен ғылыми мекемелері еліміздің тарихы мен мәдениетіне қатысты құнды құжаттарды іздестіру, көшірмелерін алу жұмыстарының нәтижесі бойынша анықталған құжаттар туралы мәліметтердің басым бөлігін автоматтандырылған мәліметтер базасына енгізіп келді. Барлығы 11 елдің 51 архив пен ғылыми мекемелерінен алынған 31735-ке жуық құжат қазақ елі тарихының XVI-XX ғасырлар аралығын қамтиды (Қонысбаева: 2013). Бұл Қазақстан тарихына қатысты әлем архивтерінде жинақталған деректердің бір бөлігі ғана еді.

«Мәдени мұра» бағдарламасының аясында 10 мыңнан аса архивтік материалдар, құжаттар, қолжазбалар анықталды. Шетелдік архивтердегі ең көп 3 мың құжат Қытай мемлекетінен табылды. Бұл құжаттар ғылымға бүгінгі күнге дейін белгісіз болып келген. Бұл құжаттар Отан тарихын жүйелеуге көмектеседі (Қаратапов, 2013:).

Тәуелсіздік жылдары Түркия, Египет, Қытай, Ресей, Армения, Өзбекстан, Венгрия, Германия, Польша, Франция, Ұлыбритания, АҚШ елдерінің архивтері мен ғылыми мекемелерінен, кітапханаларынан Қазақстан тарихына қатысты 209974 кадр микрофильм, 17568 парақ ксерокөшірме, 113 түрлі-түсті слайд, 52 киноқұжат, жүздеген сирек кездесетін ғылыми басылымдар мен ғылыми еңбектер алынды (Умербекова, 2014:211). Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры «Мәдени

мұра» бағдарламасы аясында архивистер мен зерттеуші ғалымдардың бірлесе отырып жүргізген алыс және жақын шетелдік архивтанушылар мен ғылыми зерттеу мекемелеріне, кітапханаларына жүргізген археологиялық экспедицияларының нәтижесі тарихи құнды құжаттық деректермен толықтырды.

Ұлттық орталық «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында шетелдерден әкелінген барлық архив мекемелері мен ғылыми зерттеу орталықтарының құжаттары туралы бір орталықта жинақталған үлкен база құра алды. Осы базаның аясында 2006 жылы Ұлттық орталықта «электронды каталог» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі құрылды. Заманауи ақпараттық технологияларды енгізу және белсенді қолдану архивтер мен тұтастай архив қорының тиімділігі мен сапасын арттырады (Mc Fadden C., 2019:23). Осы тұрғыдан алғанда ұлттық орталық енгізген электронды каталог Қазақстанның қазіргі кезде ғалымдары мен зерттеушілері үшін аса маңызды іздеу құралы болып отыр. Шетел архивтері мен ғылыми мекемелеріндегі Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды іздеп, табу және зерттеуге, шетелден әкелінген құжаттардың қайталанбауы үшін дайындалған осы электронды каталогпен танысу арқылы зерттеуші-ғалым өз зерттеу бағыт-бағдарын айқындай алады. Мәліметтер базасымен жұмыс жасау үшін ұлттық орталық қызметкерлерінің ақпараты бойынша [www.ncai.kz](http://www.ncai.kz) сайты арқылы немесе <http://ncai.kz:8091/archapp/faces/loqin.jsp> адресі арқылы (Пәрімбекова, 2012:5) танысуына мүмкіндік жасалды. Автоматтандырылған ақпараттық жүйенің негізінде 2011 жылдан бастап «Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында» ақпараттық анықтамалығы дайындалды.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстан архив ісін ұйымдастыру барысында РСФСР Бас Архивінің Орынбор өкілдігінің қызметі маңызды рөл атқарды. Себебі Қазақстанның астанасы Орынбор қаласында жаңа социалистік мемлекеттің мемлекеттік мекемелері шоғырланды (Altymysheva, 2017:35). Сол себепті де Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңіндегі Отан тарихына қатысты деректер Ресей Федерациясы Орынбор облыстық архивінде сақталған. Мәдени мұра мемлекеттік бағдарлама аясында Орынбор облыстық архивінен құжаттар жинақтау мақсатында Астана қаласы мемлекеттік архиві, Қызылорда облыстық архиві, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстық архивтерінің мамандары

іс сапарда болып, мол мұра жинақтап қайтқан еді. «Археография және деректану ұлттық орталығы» шығарған «Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында» ақпараттық анықтамалықтың IV томы толығымен Ресей Федерациясы Орынбор облыстық архивінен әкелінген құжаттарға арналды.

2012 жылы жарыққа шыққан ақпараттық анықтамалықтың V томында Ресей Федерациясы Омбы облысы мен Томбы облысы архивтерінің құжаттары топтастырылған. Ақпараттық анықтамалықтың VI томында Ресей мемлекеттік кинофотоқұжаттар архиві, Башқұртстан Республикасы орталық мемлекеттік тарих архиві, Татарстан Республикасы Ұлттық архиві, Алтай өлкесінің мемлекеттік архиві, Астрахан облыстық мемлекеттік архиві, Санкт-Петербургтегі Ресей мемлекеттік тарих архивінен алынған XVI-XX ғасырлар аралығын қамтитын құжаттар топтастырылған.

Ақпараттық анықтамалықтың VII томына Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Ташкент облыстық және қалалық архивтердің қорларынан анықталған құжаттарда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан мен оған көршілес аймақтарда орын алған саяси және әлеуметтік-экономикалық оқиғалардан хабардар ететін деректер молынан кездеседі. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивтерінен әкелінген құжаттарда Жетісудағы су тасқынымен күрес, алғашқы өндірістік инфрақұрылымдарды дамытудың қиыншылықтары, жер-су мәселелерін шешу, теміржол желілерін дамыту және 1920 жылдардағы республикалардың шекараларын межелеу туралы мәліметтер қолданыстағы тарихи деректерді барынша толықтыруға мүмкіндік береді (Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында, 2014:283).

2014 жылы жарық көрген Ақпараттық анықтамалықтың VIII томына Армения Республикасы Ұлттық архивінен, Белорусь Республикасы Ұлттық архивінен, Ватикан құпия архивінен, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Королдігі, Бейжің қаласындағы Қытай Халық Республикасы Бірінші тарихи архивінен, Түркия Республикасы Осман архивінен, Грузия Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен, АҚШ-тағы Стэнфорд қаласының архивінен, Испания, Польша Республикаларының архивтерінен әкелінген құнды құжаттық мұралардың тізімі енген. Франциядан әкелінген бүгінде Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіне тұрақты

сақтауға алынған Мұстафа Шоқайдың жеке архиві мен «Яш Туркестан» журналының коллекциялары жайлы мағлұматты да осы анықтамалықтан қарауға болады. Бұл тұрғыдан алғанда Ұлттық орталық қызметкерлері 4 жыл қатарынан үздіксіз шығарып келген «Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында» ақпараттық анықтамалық шын мәнінде тарихшы ғалымдардың ғана емес, Отан тарихына қызығушылық танытқан қалың көпшіліктің көңілінен шыққан анықтамалық болды. Ақпараттық анықтамалық республика көлемінде архивистер мен зерттеуші ғалымдарға, ізденушілерге шетелдің архивтері туралы, еліміздің тарихына қатысты құжаттар туралы бағыт-бағдар беретін көмекші құралға айналды.

«Археография және деректану ұлттық орталығында» бірнеше құжаттар жинағы жарияланды. 2011 жылы «Археология Семиречья (1857-1912 гг.)» атты құжаттар жинағында археология тарихы бойынша Қазақстанда ғана емес, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі төңкеріске дейінгі 308-ге жуық құжаттық материалдар тұңғыш рет жарияланған. Құжаттар жинағы тарихи құжаттарды басып шығару ережесіне сәйкес арнайы археографиялық сүзгіден өткізіліп дайындалған (Археология Семиречья, 2011:662). Жинақ Санкт-Петербург қаласындағы Ресей Ғылым Академиясының Материалдық мәдениет тарихы институтының Ғылыми архивінен, Санкт-Петербург және Мәскеу қалалары кітапханаларының қорларынан алынған құжаттардың негізінде дайындалған. Бұл жинақ Отан тарихын заттай деректермен айшықтайтын археология ғылымы үшін де, тарих, деректану және археография ғылымы үшін де таптырмайтын құнды еңбекке айналды.

«Археография және деректану ұлттық орталығы» 2011 жылы «История Казахстана в документах и материалах» атты үш томдық альманахтың бірінші томын дайындады. Бұл жинаққа Қазақстан тарихының XIX ғасырдың соңғы ширегіне қатысты тарихи құжаттары енген. Қазақстан, Ресей және Өзбекстанның мемлекеттік архивтерінің қорларынан табылған қазақ халқының этнографиялық құрамы, географиялық карталары және Г. И. Спасскийдің «Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды» атты библиографиялық жұмысы жинаққа қосылған. Сонымен қатар, XX ғасырдың 20-30 жж. қазақ әліпбиін латынға көшіру туралы архив құжаттары да жинаққа енген.

2012 жылы жарық көрген «История Казахстана в документах и материалах» альманахы-

ның екінші томын Ресей империясы сыртқы саясат архиві, Ресей мемлекеттік көне актілер архиві, Ресей мемлекеттік әскери-тарих архиві және Санкт Петербург қаласындағы Ресей мемлекеттік тарих архиві қорларынан алынған бірегей тарихи құжаттар құрады. Тарихи деректер мен басылымдық құжаттарға алғысөздер мен құрастырушылар тарапынан арнайы пікір дайындалған. Осы құжаттарға арнайы дайындалған ілеспелі қосымшалар арқылы оқырмандар көптеген тың ақпараттар мен қызықты мәліметтерді біле алады. Жинақтың құрастырушылары «Археография және деректану ұлттық орталығының директоры Л. А. Абдрасилова және Б. Жанаев кіріспе сөз жазып, құжаттардың мәтіндеріне түсіндірме беріп, әр құжатқа жекелеген пікір дайындаған.

Қарағанды қаласында 2013 жылы жарық көрген альманахтың үшінші томына Қазақстан архивтері мен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жинақталған Ресей және Өзбекстан Республикаларының архивтерінен әкелінген құжаттары енген. Атап айтқанда, Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві, Ресей мемлекеттік тарихи архиві, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві, Орынбор облысы мемлекеттік архиві, Тәжікстан Республикасы Ғылым Академиясының шығыстану және жазба мұра институты, Омбы облыстық тарихи архиві, Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві құжаттарының негізінде XIX-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты сирек әрі құнды материалдарды жинақтаған. Альманахта жарияланған құжаттардың негізгі құрамы этнографиялық очерктерден, салт-дәстүрлерге берілген бағалар мен сипаттамалардан, сирек кездесетін карталардан, 1921 жылы жаз айында Алматы қаласы және оның аумағында болған сел туралы сирек кездесетін архив құжаттары, бұған қоса КСРО тоталитарлық режимінің мықтап орныққанынан хабар беретін 1939 жылғы Қазақстан жазушыларының II съезінің стенограммасы «История Казахстана в документах и материалах» құжаттар мен материалдар жинағына енген (История Казахстана в документах и материалах, 2011:799; 2012:438; 2013:496).

«Археография және деректану ұлттық орталығы» жариялаған келесі жинақ «И вздрогнула земля. . .»: Из истории землетрясений в Семиречье. 1885-1912 гг. » («И вздрогнула земля», 2011:758) деп аталды. Жетісу өңірінде

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында болған жер сілкінісіне арналған жинақ төрт бөлімнен тұрады: 1. 1885 жылғы 22 шілдедегі Беловодтағы жер сілкінісі; 2. 1887 жылғы 28 мамырдағы Верныйдағы жер сілкінісі; 3. 1889 жылғы 30 маусымдағы Шелектегі жер сілкінісі, 4 бөлім, 1910 жылғы 22 желтоқсандағы Кеміндегі жер сілкінісі. Апаттардың себеп-салдарын толыққанды ашу мақсатында орталықтың археограф мамандары мен ғалымдары Қазақстан Орталық мемлекеттік архив құжаттары мен Ресей мемлекеттік архивтерінде және Өзбекстан Республикасының Орталық архивтерінде эвристикалық жұмыстар жүргізген. Құжаттар мен материалдар жинағы археографиялық талаптарға сай келеді. Жинақтың ғылыми-анықтамалық аппараты алғысөзден, құжаттарға жазылған пікірлерден, географиялық атаулар мен есімдер көрсеткіштерінен, пайдаланған архив қорлары мен әдебиеттер тізімінен тұрады. Тарихи құжаттарды жариялау ережесіне сәйкес жинаққа енген құжаттар археографиялық сараптаудан өткен. Жинаққа 335-ке жуық құнды құжаттар енген.

Орталықтың Отандық археография бойынша жүргізген құжаттарының басты нәтижесі ретінде «Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында» деп аталатын ақпараттық анықтамалықты атауымызға болады. Барлығы 8 том, 10 кітаптан тұратын еңбек «Шетел мұрағаттарындағы Қазақстан» деген ғылыми ғылыми ұғымды орнықтырған басылым болды. «Шетелдік архивтік Россия» деп кең мағынада Ресейге қатысы бар барлық шетелдік архивтік материалдар» (Козлов, 1994:13) деп айтсақ, «Шетелдік архивтік Қазақстан» дегенде түрлі себептермен шетелдерде сақталған және қалыптасқан Қазақстанға қатысты құжаттардың жалпы жиынтығын айтуымызға болады. Бүгінгі кезде ғылыми маңызға ие болған бұл ұғым тәуелсіздік жағдайында қалыптасқандығын атап айтамыз. Еліміздің тәуелсіздік алуымен таяу шетелдердің архивтерінде сақталған Қазақстанға қатысты құжаттар бір сәтте өзге елдің «меншігі» болып шыға келді. Ал алыс шетел архивтеріндегі құжаттарды түгендеуге деген сұраныс та тәуелсіз сана қалыптастыру мақсатынан туындап отыр. Демек, ұлттық орталықтың «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру тәжірибелері «Шетелдік архивтік Қазақстан» деп аталатын ғылыми бағытты негіздеуге мүмкіндік берді.

## Қорытынды

«Археография және деректану ұлттық орталығы» ғылыми мекемесі өзінің 12 жылдық қызметінде Ұлттық архив қорын толықтыру мақсатында шетелдік архивтер мен кітапханалардан, ғылыми зерттеу орталықтарынан Отан тарихына қатысты құнды құжаттарды іздеп табуы еліміздің архивист мамандарымен, ғалымдармен және ғылыми зерттеу орталықтарының қызметкерлерімен бірлесе отырып іске асырды. Ұлттық орталық елімізге жеткізілген құжаттарды электронды каталогқа енгізу, жариялау жұмыстарында мол тәжірибе жинақтады.

Ұлттық орталықтың жоғарыда атап өткен қызметі мен еңбектерінен «Мәдени мұра» бағдарламасының іске асуында маңызды рөлге ие болғандығын көруге болады. Әйтсе де аз уақыттың ішінде біршама тәжірибе жинақтап үлгерген, деректану ғылымының теориялық негіздері мен қолданбалы археографияның қалыптасуында өзіндік орны бар Ұлттық орталық функциясын алдағы уақытта кеңейте түсуі керек. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 мамырдағы №321 қаулысына сәйкес «Археография және деректану ұлттық орталығы» «Қолжазбалар мен сирек кітаптар ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік

мекемесі болып қайта құрылып, құрылымдық өзгеріске түсті. Осы қаулыға сәйкес бұл орталыққа «Мемлекеттік архивтердегі деректі материалдардың микрофотокөшірмелерін жасау және қалпына келтіру орталық зертханасы» мен «Құжаттану және архив ісі жөніндегі ғылым-техникалық ақпарат орталығы» қосылды. Бұл күнде орталық сәтті қызмет атқаруда.

Үстіміздегі жылдың басында «Архив-2025» бағдарламасы қолға алынып, алыс-жақын шет елдердегі анықталған 30 мың құжаттың қалған 25 мыңын елге жеткізу жоспарланғаны белгілі. Осы ретте алдағы уақытта шетелден әкелінген құжаттарды ортақ базаға енгізуде және құжаттар жинақтарын дайындаудың ғылымилығын орнықтыруда орталықтың жұмыстары күтіп тұр.

Ұлттық орталықтың басты миссиясы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасымен тығыз байланыста болды. Бағдарлама қолға алынған тұстан құрылған орталық бағдарлама аяқталған соң құрылымдық өзгеріске түсуі заңды. Орталық қысқа мерзімде көптеген ғылыми, ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмыстар атқарып, археографиялық мол тәжірибе жинақтады. Тарихи құжаттарды жарияланымға дайындау жұмыстары бір ізге түсірілді. Ең бас-тысы осы орталықтың қызметі арқылы отандық археографияның негіздері қалыптасты.

## Әдебиеттер

- <http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyru-atty-makalasy>. Қаралым күні 31. 07. 2009.
- Козлов В. П. (2008) Основы теоретической и прикладной археологии. – С. 26.
- Frank G. Burke. The future Course of Archival Theory in the United States //The American Archivist (Winter 1981), pp. 40-46
- Сатов Е. Ж., Жолсейтова М. А. (2016) «Мәдени мұра» бағдарламасы және ортағасырлық Қазақстан тарихының деректері //ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. Алматы, №2 (81), 60-66 бб.
- Есмағамбетов К.Л. (2009) Шетел мұрағаттарындағы Қазақстан жайлы деректер. <https://abai.kz> Қаралым күні 15.08.2019.
- Kenneth E. Foote (1990) To remember and forget: Archives, Memory, and Culture //The American Archivist 53. (Summer 1990), pp. 378-392.
- Әбдірасілова Л. (2012) Жазба деректерді жариялау мәселелері //Археография және деректану ұлттық орталығының хабарлары №1. 5-9 бб.
- Атабаев Қ. М. (2011) «Мәдени мұра» бағдарламасының деректанулық негіздері //«Археография және деректану ұлттық орталығының хабарлары» №1. 5-9 бб.
- <http://adilet.zan.kz>. (2005) «О создании государственного учреждения “Национальный центр археологии и источниковедения Комитета информации и архивов Министерства культуры, информации и спорта Республики Казахстан» Постановление Правительства Республики Казахстан от 1 марта 2005 года N 183. Қаралым күні 18. 08. 2019.
- Қонысбаева Б. Б. (2013) «Мәдени мұра бағдарламасы: жазба деректерді жинау және жариялау мәселелері». <https://e-history.kz>. Қаралым күні 14. 07. 2019.
- Karaman M. (2013) State program “Cultural heritage” of Kazakhstan: stages of implementation and value // <https://e-history.kz/en/contents/view/1568>
- Умербекова Г. О. (2014) Шетелдік мұрағаттардың тарихи құжаттарды жариялау тәжірибесі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. №4(75), 2011-2016 211-216 бб.
- McFadden C., Alpyubaeva N. K., Alimgazinov K. Sh. (2019) Informatization of archival business in Kazakhstan (foreign and domestic experience) //Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history. №2 (93). 2019. pp. 23-29.

Пәрімбекова К. П. (2012) «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы //«Археография және деректану ұлттық орталығының хабарлары» №2, 5-7 бб.

Altymysheva Z., Hassanaeva L. (2017) The legal basis of the decrees of the council of people's commissars of the RSFSR about archive affairs and archival ideologies in Kazakhstan // Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history. №3 (86). 2017. pp. 35-38.

Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында (XIX-XX ғғ.) VII том. (2014) Ақпараттық анықтамалық. Астана: РГУ «Национальный центр археологии и источниковедения», 283 бб.

Археология Семиречья. (2011) 1857-1912 гг.: Сб. док. и мат-лов/Сост. Самигулин И. М. Алматы: «Издательство LEM», С. 662.

История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып. 1. (2011). Алматы: «Издательство LEM», С. 799; История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып. 2. (2012) Астана, С. 438; История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып. 3. (2013) Караганда: ПК «Экожан», С. 496.

«И вздрогнула земля. . .»: Из истории землетрясений в Семиречье. 1885-1912 гг. (2011) Сб. док. и мат-лов / Сост. Самигулин И. М. Алматы: «Издательство LEM», С. 758.

Козлов В. П. (1994) Зарубежная архивная Россия: проблемы и направление работы // «Новая и новейшая история». №3 – С. 13.

## References

- <http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalany-n-zheti-kyry-atty-makalasy>. Karalym kuni 31. 07. 2009.
- Kozlov V.P. (2008) *Osnovy teoreticheskoy i prikladnoy arkheografii*. [Fundamentals of theoretical and applied archeography] – S. 26.
- Frank G. Burke. The future Course of Archival Theory in the United States //The American Archivist (Winter 1981). pp. 40-46
- Satov E. Zh. Zholsheytova M. A. (2016) «Madeni mura» bagdarlamasy zhane ortagasyrlyk kazakstan tarikhynyn derekteri. [The program «Cultural heritage» and the history of medieval Kazakhstan] // KazUU khabarshysy. Tarikh seriyasy. Almaty. №2 (81). 60-66 bb.
- Esmagambetov K. L. (2009) Shetel muragattaryndagy Kazakstan zhayly derekter. [Information about Kazakhstan in foreign archives. ] <https://abai.kz> Karalym kuni 15. 08. 2019.
- Kenneth E. Foote (1990) To remember and forget: Archives. Memory. and Culture //The American Archivist 53. (Summer 1990). pp. 378-392.
- Abdirasilova L. (2012) Zhazba derekterdi zhariyalau maseleleri. [Writing data publishing issues. ] //Arkheografiya zhane derektanu Ul'tytk ortalygynyn khabarlary №1. 5-9 bb.
- Atabayev K. M. (2011) «Madeni mura» bagdarlamasyndy derektanulyk negizderi» [Source bases of the program «Cultural heritage»] //«Arkheografiya zhane derektanu ul'tytk ortalygynyn khabarlary» №1. 5-9 bb.
- <http://adilet.zan.kz>. (2005) «O sozdaniy gosudarstvennogo uchrezhdeniya «Natsionalnyy tsentr arkheografii i istochnikovedeniya Komiteta informatsii i arkhivov Ministerstva kultury. informatsii i sporta Respubliki Kazakhstan» Postanovleniye Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 1 marta 2005 goda N 183. [The State Committee for Culture, Information and Sport of the Ministry of Culture, Information and Sport of the Republic of Kazakhstan on March 1, 2005 №183. ] Karalym kuni 18. 08. 2019.
- Konysbayeva B. B. (2013) «Madeni mura bagdarlamasy: zhazba derekterdi zhinau zhane zhariyalau maseleleri». [«Cultural heritage program: problems of collecting and publishing data»] <https://e-history.kz>. Karalym kuni 14. 07. 2019.
- Karamanov M. (2013) State program «Cultural heritage» of Kazakhstan: stages of implementation and value // <https://e-history.kz/en/contents/view/1568>
- Umerbekova G. O. (2014) Sheteldik muragattardyn tarikhni Kuzhattardy zhariyalau tizhibesi. [Experience in publishing historical documents by foreign archives] // KazUU khabarshysy. Tarikh seriyasy. №4(75). 2011-2016 211-216 bb.
- McFadden C. Alpysbaeva N. K. . Alimgazinov K. Sh. (2019) Informatization of archival business in Kazakhstan (foreign and domestic experience) //Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history. №2 (93). 2019. pp. 23-29.
- Parimbekova K. P. (2012) «Madeni mura» memlekettik bagdarlamasy. [The state program «Cultural heritage»] //«Arkheografiya zhane derektanu Ul'tytk ortalygynyn khabarlary» №2. 5-7 bb.
- Altymysheva Z. Hassanaeva L. (2017) The legal basis of the decrees of the council of people's commissars of the RSFSR about archive affairs and archival ideologies in Kazakhstan // Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history. №3 (86). 2017. pp. 35-38.
- Kazakstan tarikhy shetel muragattarynda (XIX-XX gg.) VII tom. (2014) Akparattyq anyktamalyk. [History of Kazakhstan in VII volume in foreign archives (XIX-XX centuries). Information directory] –Astana: RGU «Natsionalnyy tsentr arkheografii i istochnikovedeniya». 283 bb.
- Arkheologiya Semirechia. [Semirechie Archeology](2011) 1857-1912 gg. : Sb. dok. i mat-lov/Sost. Samigulin I. M. – Almaty: «Izdatelstvo LEM». S. 662.
- Istoriya Kazakhstana v dokumentakh i materialakh: Almanakh. [History of Kazakhstan in documents and materials: Almanac] Vyp. 1. (2011). Almaty: «Izdatelstvo LEM». S. 799; Istoriya Kazakhstana v dokumentakh i materialakh: Almanakh. Vyp. 2. (2012) Astana. S. 438; Istoriya Kazakhstana v dokumentakh i materialakh: Almanakh. Vyp. 3. (2013) Karaganda: PK «Ekozhan». S. 496.
- «I vzdrognula zemlya. . .»: Iz istorii zemletryaseniya v Semirechye. 1885-1912 gg. [«Wasted land . . .»: From the history of the land tenement in Semirechye. 1885-1912 yy] (2011) Sb. dok. i mat-lov / Sost. Samigulin I. M. Almaty: «Izdatelstvo LEM». S. 758.
- Kozlov V. P. (1994) Zarubezhnaya arkhivnaya Rossika: problemy i napravleniye raboty. [Foreign archival Russia: problem and direction of work] // «Novaya i noveyshaya istoriya». №3 – S. 13.